

Тіл заңнамасын бұзғандарға сот шара қолдануға міндетті



3-БЕТ

Жақсының ісі - елге үлгі, ұрпаққа аманат



6-БЕТ

Отанына орапқан оғлан



8-БЕТ



4 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ҰЛТТЫҚ РУХ – ҰЛТ ТІРЕГІ

Биыл елімізде Мемлекеттік рәміздер күнінің атап өтіліп жатқанына 14 жыл толып отыр. 2007 жылдың 4 маусымында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Конституциялық заң қабылданған болатын. Оның 1-бабына сай, Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Гимн Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері болып табылады.

Мемлекеттік Елтаңба 1992 жылғы 26 маусымда, Ту 1992 жылғы 4 маусымда, Гимн 2006 жылғы 7 қаңтарда бекітілді.

2001 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелер» туралы заң бойынша қазір елімізде 9 мемлекеттік мереке бар. Алайда мемлекеттік мерекелер тізімінің ішінде рәміздер күні жоқ. Болашақта Қазақстан Республикасының Конституциясы күні (30 тамыз) мен Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан) мерекесінің қатары Мемлекеттік рәміздер күнімен толықтырылып шығар деп үміттенеміз.

Мемлекет басшысы биыл Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық бірегейлігіміздің мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс тапқанын атап өтті. «Мемлекеттік нышандарымызды түгел жаңғырту туралы пікір айтып жатқанын білемін. Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Әнұраны әлемнің әр түкпірінде шырқалып жүр. Жаңа жылды жақындарымыздың ортасында Әнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан. Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады» деген еді. Сондықтан Мемлекеттік рәмізге қатысты өзгерістер жүзеге асқан кезде ұлттық бірегейлік тұрғысынан оны мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізу жайын да қарастырып жөн шығар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№41 (3670)
4 маусым 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – ХАЛЫҚҚА ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ



«Халық заңгері» акциясы 2016 жылдан бері республика көлемінде тұрақты ұйымдастырылып келеді. Аталған акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауатын көтеру, заң қызметіне қолы жетпей жүрген азаматтарға құқықтық кеңес беріп, жол көрсету, мемлекеттегі құқықтық мәдениетті насихаттап, заң органдарына деген сенімді арттыру.

(Соңы 3-бетте)

• ШАРА

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА ТАҒЗЫМ

Алматыда Орталық Азия елдеріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың нәтижелері мен жалпы мәселелері талқыланды.

31 мамырда халықаралық «Түркістан екі империяның билігі: отаршылдық және қуғын-сүргін» көрмесі және «Орталық Азия елдеріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту барысы туралы: нәтижелері мен жалпы проблемалары» деп аталатын дөңгелек үстел өтті. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейіндегі бұл шара Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған.

Қатысушылар бұл күні Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған ескерткішке тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Одан кейін Қазақстанның мемлекеттік орталық музейі мен Өзбекстанның мемлекеттік қуғын-сүргін құрбандарын еске

алу музейі қорларындағы бауырлас екі елдің қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің заттары қойылған халықаралық көрмені тамашалады. Онда С.Ходжанов, Ф.Зарипқызы, Т.Отарбаев, М.Мылтықбаев, А.Байтұрсын-ов, А.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов сияқты көптеген тұлғалардың жәдігерлері қойылған.

Көрменің ашылу рәсімінен кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Айтылған тарих» ғылыми зертханасының ұйымдастыруымен де осы тақырыпта халықаралық дөңгелек үстел өтті. Онда Өзбекстан Министрлер кабинеті жанындағы Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мемлекеттік музейінің директоры, «Шаһидлар хотирасы» қоғамдық қорының төрағасы Бахтияр Хасанов, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мәмбет Қойгелді бастаған ғалымдар тақырыптық баяндамалар жасап, тарихи



оқиғаның зерттелуі мен бүгінгі нәтижелері туралы пікірлерін ортаға салды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

